

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	УМО по направлению подготовки - Здравоохранение	
	ГУП по программам медицинского образования стоматологического профиля	Редакция: 1
		Страница 1 из 2

№3 ХАТТАМА

Стоматологиялық бейіндегі медициналық білім беру бағдарламалары бойынша ЖБТ отырысы Денсаулық сақтау - даярлау бағыты бойынша

Онлайн

2025 жылғы 10 қазан

ЖБТ төрағасы—Деточкина В.Р.—м.ғ.к., терапиялық және хирургиялық стоматология кафедрасының доценті, «Астана медицина университеті» КЕАҚ Стоматология мектебінің деканы.
ЖБТ төрағасының орынбасары—Сулейменова Д.М., м.ғ.к., «Семей медицина университеті» КЕАҚ стоматологиялық пәндер және бет-жақ хирургиясы кафедрасының доценті.
ЖБТ хатшысы – Акжигитова Э.Н., «МУА» КЕАҚ Стоматология мектебінің бас маманы.

КҮН ТӘРТІБІ

1. НИМО «Стоматология» білім беру бағдарламасы бойынша 3-курс білім алушылары үшін оқыту нәтижелеріне сәйкес базалық құзыреттерді анықтау.
2. Қалыптастырылған құзыреттерге сәйкес 3-курс білім алушыларының базалық білімін бағалауға арналған Ұлттық біліктілік емтихан орталығы (ҰБЕО) негізінде тест тапсырмаларының техникалық сипаттамасын әзірлеу.

Бірінші сұрақ бойынша:

ЖБТ төрағасы, терапиялық және хирургиялық стоматология кафедрасының доценті, «Астана медицина университеті» КЕАҚ Стоматология мектебінің деканы – Деточкина В.Р. НИМО «Стоматология» білім беру бағдарламасы бойынша 3-курс білім алушыларының оқыту нәтижелеріне сәйкес базалық құзыреттер туралы ақпарат ұсынды.

Шешім:

1. Жоғары оқу орындары ұсынған келесі пәндер бойынша оқыту нәтижелері негізінде қалыптастырылған негізгі құзыреттер тізімін бекітілсін (1-қосымша):
 1. Жасушалық және молекулалық биология
 2. Адам анатомиясы / Бас және мойынның клиникалық анатомиясы
 3. Гистология
 4. Биохимия
 5. Физиология / Бет-жақ аймағының физиологиясы
 6. Патологиялық физиология
 7. Патологиялық анатомия

	УМО по направлению подготовки - Здравоохранение	
	ГУП по программам медицинского образования стоматологического профиля	Редакция: 1 Страница 2 из 2

8. Микробиология
9. Фармакология
10. Коммуникативтік дағдылар
11. Медициналық этика

Екінші сұрақ бойынша:

ЖБТ төрағасы стоматологиялық бейіндегі пәндер комитеттерінің ұсыныстары ескеріліп жасалған, «Стоматология» білім беру бағдарламасының 3-курс білім алушыларының базалық пәндерді меңгеру деңгейін бағалауға арналған тест тапсырмаларының техникалық сипаттамасының жобасымен таныстырды.

Атап өтілді:

- тестілеу 150 MCQ (А типті) сұрақтан тұрады;
- өту уақыты – 180 минут;
- өту балы – 100 ұпайдан кемінде 50.

Сондай-ақ, 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің кәсіби даярлығын бағалау, білім алушылардың білімдері мен дағдыларын бағалау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына енгізілген өзгерістерге байланысты, 3-курста өткізілетін екінші кезең алынып тасталды. Бұрын екінші кезеңге арналған барлық сұрақтар бірінші кезеңге енгізіледі. «Стоматология» бойынша ЖБТ шешіміне сәйкес: тест тапсырмалары/жағдайлық тапсырмалар түріндегі базалық дағдыларды қамтитын тапсырмалар енгізіледі.

ЖБТ мүшелері ұсынылған техникалық сипаттаманы талқылап, оның білім беру стандарты талаптарына сәйкестігін атап өтіп, бекітуге ұсынды.

Шешім:

1. «Стоматология» білім беру бағдарламасы бойынша 3-курс білім алушыларының базалық білімін бағалауға арналған тест тапсырмаларының техникалық сипаттамасын бекіту (2-қосымша).
2. Бекітілген сипаттаманы әрі қарай қарастыру үшін оқу-әдістемелік бірлестікке жолдау.

ЖБТ төрағасы

ЖБТ хатшысы



Деточкина В.Р.

Акжигитова Э.Н.